

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бұл мақалада Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласының маңыздылығы, қазақ жазуын латын әрібіндегі әліпбиге көшіру барысындағы жүргізіліп отырған іс-шаралар, қазақ тіліндегі 100 оқулық бағдарламасының барысы айқындалады.

Мақала жарық көрген күннен бастап осы мәселе қоғамда кеңінен талқыланып, латын әліпбиінің қазақ тілін дамытудағы

маңызы, өзектілігі жанжақты айтылғаны белгілі. Мемлекет тарапынан нақты шаралар жүзеге асырылып келеді. Қазақстандық тіл мамандары латын әліпбиінің бірнеше нұсқасын жасап, халықтың талқылауына ұсынды.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы жайында Елбасының: «...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін

біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты өртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. Жаңа мамандарашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудито-

рияларында қаланады...» деген болатын.

Сөйтіп 2018 жылы іріктелініп алынған 18 оқулық қазақ тіліне аударылып, жоғары оқу орындарына берілді.

Арасында гуманитарлық ғылым заманауи білім сапасын арттыруға Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері», Джордж Ритцер, Джеффри Степницкидің «Әлеуметтану теориясы», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін», Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы», Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы» I-томы және «Батыс

философиясының жаңа тарихы. Ортағасыр философиясы» II-томы, Марк П. Тейлордың «Экономикс», Рикки У. Гриффиннің «Менеджмент» кітаптары бар.

Бұл кітаптардың білім беру үрдісінде тиімділігі зор, студенттердің заманауи білімге қол жеткізуіне, жоғары оқу орындарының білім сапасын арттырып, білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке мүмкіндік береді.

**Д.О.Төребек, А.Н.Унембаева,
А.М.Шымырбекова
М.Әуезов ОҚУ-нің
«Техникалық мамандықтар
бойынша шет тілдері»
кафедрасы оқытушылар,
Шымкент.**